



**Astana Art Fair 2025: «Болашақтың тамырлары» / Future Roots / «Корни будущего»  
2025 жылғы 24–26 қазанда Астанада, Конгресс орталығында, қала Әкімдігінің  
қолдауымен заманауи өнердің Astana Art Fair халықаралық көрме-жәрмеңкесі өтеді.**

Astana Art Fair - ұзақмерзімді мәдени бастама, ол Қазақстанды заманауи өнердің орталығы ретінде ілгерілетуге, креативті экономика мен арт-нарықты дамытуға, сонымен бірге жастарды жаһандық мәдени үдеріске тартуға бағытталған.

2025 жылғы көрме тақырыбы: *«Болашақтың тамырлары»/ Future Roots/ «Корни будущего»*. Тақырып жаңа мәдени серпіліс туындайтын және болашақтың бағыттары қалыптасатын бастау көзі идеясына сүйенеді. Астана жергілікті және ғаламдық бастамалар тоғысатын, жаңа мазмұн мен контекст құрылатын жаңа мәдени хабқа айналуы мүмкін.

Қатысушылар ішінде Орталық Азия елдерінің, Ресейдің және Қытайдың галереялары, бірлестіктері, танымал суретшілер және өнердегі жаңа есім иелері, олар өздерінің туындыларын экспозицияға және сатуға ұсынады, мұнда сарапшылар таңдап алған кескіндемелер, инсталляциялар, NFT және бейне-арт – барлығы 200-ден астам еңбек жиналған. Қатысушылардың ішінде: Қазақстаннан – Futuristan Lab, TSE Art Destination, Occupy Steppe, Qazart.com, Keremet Art, Altyn Gasyr, және екі арналы бейне-арт «Парсифаль»; Өзбекстаннан – Bonum Factum, Andakulova Gallery; Қырғызстаннан – Bishkek School of Contemporary Art; Ресейден – Высота, Sistema Gallery, ES Gallery. Ашық іріктеудің нәтижесінде Independent Voices: Future Roots (Тәуелсіз дауыстар: Болашақтың тамырлары) атты аймақ құрылды.

Көпшілікке арналған бағдарламада: Валерия Ибраева, Нелли Шиврина, Юлия Сорокина, Асель Ахметжанова, Christianna Bonin, Нормурод Негматов сынды өнер саласындағы жетекші сарапшылардың ересектер мен балаларға бағытталған дәрістері, сондай-ақ бірнеше воркшоп өтеді: Британдық Жоғары дизайн мектебінің оқытушысы Галина Кобзевадан - эксперименталды акварель кескіндеме бойынша және Бишкектің заманауи өнер мектебінен - «Зин – өз болмысын көрсету әдісі». Анвар Мүсіреповтің, Ардақ Мұқанованың, Мансұр Смағамбетовтың, Наталья Андақұлованың, Валентина Кузинаның, Анастасия Волкованың, Альбина Закируллинаның, тағы басқалардың қатысуымен public және artistic talk кездесулер өтеді.

Инклюзия мен қолжетімділікке ерекше назар аударылады: қозғалысы шектеулі келушілер үшін, сондай-ақ есту немесе көру қабілеті нашар қонақтар үшін жағдай жасалады.

«Astana Art Fair коллекционерлер, галереялар, жас және танымал суретшілер кездесіп, өз көзқарастарын білдіріп, пікір алмасатын, өз еңбектерін халықаралық өріске ұсына алатын, кәсіби байланыс орната алатын платформаға айналады деп үміттенеміз. Жұртшылық үшін бұл шара заманауи өнер әлемімен танысатын, жаңа есімдерді ашу, жеке және корпоративтік коллекцияларға жаңа туындыларды сатып алу мүмкін болатын жаңа тартылыс нүктесі болады», — дейді мәдени және танымдық бастамаларды жүйелі қолдау үшін құрылған, осы жобаны ұйымдастырушы Урпақ бірлестігінің өкілдері.

Аккредитация және қосымша ақпарат алу үшін:

✉ [urpaq.fund@gmail.com](mailto:urpaq.fund@gmail.com)

<http://urpaq.org/media>